

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

| | |
|-----------------------|---------------------------------|
| Аскер оғлы Рамиз | Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан) |
| Ақматалиев Абдылдажан | Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан) |
| Бахтикиреева Улданай | Ф.ғ.д., проф. (Ресей) |
| Беженару Людмила | Ф.ғ.д., проф. (Румыния) |
| Бейсембаева Жанаргүл | Ф.ғ.к. (Қазақстан) |
| Біжкенова Айгүл | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Жақыпов Жантас | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Журавлева Евгения | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Жаң Динжиң | PhD, проф. (Қытай) |
| Ескеева Мағрипа | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Ержласун Гүлжанат | PhD, ассоц. проф. (Түркия) |
| Қасқабасов Сейіт | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Негимов Серік | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Нұрғали Қадиша | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Нуриева Фануза | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан) |
| Райхл Карл | Ф.ғ.д., проф. (Германия) |
| Рахманов Носимхан | Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан) |
| Риверс Уильям Патрик | PhD, проф. (АҚШ) |
| Сәтенова Серікгүл | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Султанов Казбек | Ф.ғ.д., проф. (Ресей) |
| Тәжібаева Сәуле | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Хисамитдинова Фирдаус | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан) |
| Чернявская Валерия | Ф.ғ.д., проф. (Ресей) |
| Шәріп Амантай | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Шәріпова Гүлбану | Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан) |
| Экиджи Метин | PhD, проф. (Түркия) |
| Янковский Генрих | PhD, проф. (Польша) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

| | |
|------------------------|--|
| Asker ogly Ramiz | Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan) |
| Akmataliyev Abdildajan | Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan) |
| Bakhtikireeva Uldanai | Doctor of philology, Prof. (Russia) |
| Beisembayeva Zhanargul | Can. of philology (Kazakhstan) |
| Bezhenaru Lyudmila | Doctor of philology, Prof. (Romania) |
| Bizhkenova Aigul | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Chernyavskaya Valeriya | Doctor of philology, Prof. (Russia) |
| Erzhiasun Güljanat | PhD, assos. Prof. (Turkey) |
| Yeskeyeva Magripa | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Henryk Jankowski | PhD, Prof. (Poland) |
| Kaskabassov Seit | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Khisamitdinova Firdaus | Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan) |
| Metin Ekiji | PhD, Prof. (Turkey) |
| Negimov Serik | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Nurgali Kadisha | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Nurieva Fanuza | Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan) |
| Reichl Karl | Doctor of philology, Prof. (Germany) |
| Rakhmanov Nasimhon | Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan) |
| Rivers William Patrick | PhD, Prof. (USA) |
| Satenova Serikkul | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Sultanov Kazbek | Doctor of philology, Prof. (Russia) |
| Sharip Amantay | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Sharipova Gulbanu | Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan) |
| Tazhybayeva Saule | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Zhakypov Zhantas | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Zhang Dingjing | PhD, Prof. (China) |
| Zhuravleva Yevgeniya | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan) |

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

| | |
|-----------------------|----------------------------------|
| Аскероглы Рамиз | Д.ф.н., проф. (Азербайджан) |
| Акматалиев Абдылдажан | Д.ф.н., проф. (Киргизстан) |
| Бахтикиреева Улданай | Д.ф.н., проф. (Россия) |
| Беженару Людмила | Д.ф.н., проф. (Румыния) |
| Бейсембаева Жанаргуль | К.ф.н. (Казахстан) |
| Бижкенова Айгуль | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Жакыпов Жантас | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Жан Динжин | PhD, проф. (Китай) |
| Журавлева Евгения | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Ескеева Магрипа | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Ержласун Гульжанат | PhD, ассоц. проф. (Турция) |
| Каскабасов Сейит | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Негимов Серик | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Нургали Кадиша | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Нуриева Фануза | Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан) |
| Райхл Карл | Д.ф.н., проф. (Германия) |
| Рахманов Насимхон | Д.ф.н., проф. (Узбекистан) |
| Риверс Уильям Патрик | PhD, проф. (США) |
| Сатенова Серикгуль | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Султанов Казбек | Д.ф.н., проф. (Россия) |
| Тажибаева Сауле | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Хисамитдинова Фирдаус | Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан) |
| Чернявская Валерия | Д.ф.н., проф. (Россия) |
| Шарип Амантай | Д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| Шарипова Гульбану | К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан) |
| Экиджи Метин | PhD, проф. (Турция) |
| Янковский Хенрих | PhD, проф. (Польша) |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

| | |
|---|---------|
| <i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777..... | 8-14 |
| <i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар) | 15-21 |
| <i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі) | 22-28 |
| <i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы | 29-35 |
| <i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер | 36-44 |
| <i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы | 45-51 |
| <i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар | 52-63 |
| <i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі | 64-74 |
| <i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер | 75-83 |
| <i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі..... | 84-90 |
| <i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы | 91-97 |
| <i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы | 98-106 |
| Лингвистика және әдістеме | |
| <i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері | 107-115 |
| <i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде) | 116-121 |
| <i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар | 122-128 |
| <i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер | 129-134 |
| <i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы | 135-146 |
| <i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті | 147-156 |
| <i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы .. | 157-162 |
| <i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары..... | 163-171 |
| <i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері | 172-184 |
| <i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары) | 185-192 |
| <i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі | 193-200 |
| <i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай | 201-209 |
| <i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация | 210-217 |

Contents

Folklore and Literary Studies

| | |
|--|--------|
| <i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales | 8-14 |
| <i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years) | 15-21 |
| <i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature) | 22-28 |
| <i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature | 29-35 |
| <i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose | 36-44 |
| <i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda») | 45-51 |
| <i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose .. | 52-63 |
| <i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature | 64-74 |
| <i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev .. | 75-83 |
| <i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments | 84-90 |
| <i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov | 91-97 |
| <i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev | 98-106 |

Linguistics and methodics

| | |
|---|---------|
| <i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language | 107-115 |
| <i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms) | 116-121 |
| <i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA .. | 122-128 |
| <i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior | 129-135 |
| <i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment | 135-146 |
| <i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language | 147-156 |
| <i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov | 157-162 |
| <i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics | 163-171 |
| <i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages | 172-184 |
| <i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages) | 185-192 |
| <i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms | 193-200 |
| <i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China | 201-209 |
| <i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation | 210-217 |

Содержание

Фольклор и литературоведение

| | |
|--|--------|
| <i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках | 8-14 |
| <i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы) | 15-21 |
| <i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности) | 22-28 |
| <i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы | 29-35 |
| <i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе | 36-44 |
| <i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда» | 45-51 |
| <i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана | 52-63 |
| <i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе..... | 64-74 |
| <i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева | 75-83 |
| <i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников | 84-90 |
| <i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова | 91-97 |
| <i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Магжана Жумабаева | 98-106 |

Лингвистика и методика

| | |
|--|---------|
| <i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка | 107-115 |
| <i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов) | 116-121 |
| <i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... .. | 122-128 |
| <i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения | 129-134 |
| <i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда | 135-146 |
| <i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке | 147-156 |
| <i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова | 157-162 |
| <i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании | 163-171 |
| <i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках | 172-184 |
| <i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... .. | 185-192 |
| <i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов | 193-200 |
| <i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай | 201-209 |
| <i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация | 210-217 |

XFTAP 17.07.51

Қарлығаш Хамзина¹, Қаламқас Қалыбекова², Ләйла Кулейменова³

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: ¹jako199473@mail.ru, ²layla_k70@mail.ru)

Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық өрісі

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ақыны – Мағжан Жұмабаев шығармашылығының өмірімен байланыс көріністері, орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерімен ұқсас тұстары және ізденіс бағыттарының арналары анықталып, көрсетілген. Сыршыл ақынның ізденіске толы ғұмырындағы қиыншылықтар, жақын адамдарымен толыққанды дұрыс қарым-қатынастың орнамауы, мінезділігі мен шығыс әлеміне ғашық болуы ақын шығармашылығының шындалып, шығармаларындағы әр кезеңдегі көріністердің байқалуы жайында сөз болмақ. Тіршіліктегі түрлі өзгерістер мен құбылыстарды жүрек көзімен жан-жақты не жалпылама қабылдай отырып, сезім көзімен бағалауға бейім жаратылған Мағжан ақынның болмысы элегиялық сарынға да бой ұруы туралы баян етіледі. Мағжан ақынның лирикасының қазақ әдебиеті шынынан ғана емес, әлем әдебиеті биігіне көтеретін тек өзіне ғана сай әрі бай шығармашылығының жан-жақты зерделеу нәтижелерінің қысқаша шоғыры.

Түйін сөздер: поэзия, типология, қазақ әдебиеті, сентиментализм, символизм, романтизм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-98-106>

Кіріспе. Қандай ақын болмасын, өз қоғамы мен уақытынан тыс тұра алмайды. Өз дүниетанымы арқылы ақын өзін толғандырған жайттарға, қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарға баға береді. Ақын – сезімнің адамы. Табиғат, махаббат, адамның түрлі көңіл-күйі сәттерін жырлау оған айрықша тән. Және құлар-қарлық ақындарға тән сипаттар. Тек мәселе сол жайттарды, яғни мәңгілік тақырыптарды ақынның қалай жырлауында. Осы тұрғыдан келгенде, Мағжан поэзиясы ұлттық әдебиетке ғана емес, әлем әдебиетіне ерекше үлес қосқанын айтқан абзал. Демек, ақын шығармаларының типологиялық өрісі айрықша арнасы деу қажет. «Типологияның мағынасы... классификация предметов или явления по общности каких-либо признаков» екенін ескерсек, бұл салада Мағжан жырлаған, Мағжан көтерген проблемасының Уақыт пен Кеңістік аясындағы әлем әдебиеті деп аталатын ұлы руханиятқа қаншалықты серпінді үлес қосқанын байқаймыз [13, 496 б.].

Зерттелу тарихы. Мағжан Жұмабаев – сөз жок, әлемдік деңгейдегі арғы-бергі ақындармен еркін иық теңестіре алатын талантты ақын. Бұл – бүгінде аксиомаға айналған ақиқат. Бұл тұрғыда басқаларды айтпағанның өзінде, 1923-1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде дәріс берген ұстазы, орыс ақыны В.Брюсовтың Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп атауы, жазықсыз жаланың кесірінен ақынның атын атаудың өзі мүмкін болмай қалған тұста башқұрт елінің халық жазушысы **Сәйфи Құдаш**тың 1969 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының басқармасына арнайы хат жолдап, ол хатында: «Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М.Жұмабаев поэзиясы А.Ахматова, Б.Пастернак, А.Блок творчествосын еске салады» [9] деп бағалауы Мағжан ақынның шығармашылық-көркемдік тұрғысынан жалпы адамзаттың биіктікті игерген талант екендігін көрсетеді.

Әлемдік деңгейдегі шығармашылық тұлғалармен иық теңестіру үшін бірегей талант болып жаратылу қажеттігі даусыз. Алайда жалғыз талант қуатымен қандай өнерпаздың да адамзаттық көркемдік асқарынан көрінуі неғайбіл. Талант қуатына қуат үстелу үшін білім керек, қажетті білімге қол жеткізу үшін мақсатты да толассыз ізденіс қажет. Ізденістің қай арнада өріс табуы шығармашылық адамының адамдық болмысына тән қызығушылық бағыттарына тікелей байланысты болмақ.

Мәселенің талқылануы мен нәтижесі. М.Жұмабаев шығармаларына бүгінгі күн биігінен баға бергенде төмендегідей жайттарды қаперде ұстаған жөн: *біріншіден*, төл топырақтағы рухани шүйгіндіктің бастауында тұрған ұлт тұлғалары, сонау ауыл әдебиеті, ежелгі дүние мұрасы, жыраулар поэзиясы мен Абай т.б. ұлылардың үлгі-өнегесінің ақынға тигізген әсер-ықпалы; *екіншіден*, шығыс поэзиясы, тұтас түркі әлемі руханиятының ұлағаты; *үшіншіден*, орыс әдебиеті, сол арқылы әлем әдебиетіне құлаш ұруы. Осынау жайттар тұтаса келіп, ақынның руханият саласындағы болашақ жолына алғышарттар жасады да, ақынның талант, дарынымен, таным көкжиегінің кеңдігімен және өзінің төл топырағының құнарлығын терең түйсінуімен ұштасты. Нәтижесінде Шығыс поэзиясы, орыс және Еуропа, әлем поэзиясындағы ерекше жаңалықтарға Мағжан қосқан үлес оның болмысындағы ұлтшылдық, халқының бойындағы асқақтық, мәрттік, тектілік пен бекзаттықты терең пайымдау сипаттарына ұласты.

Қызылжар медресесінде оқыған жылдарында шәкірт Мағжан Шығыс поэзиясына етене жақындайды, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи шығармаларын түпнұсқадан оқуға қалыптасады. Сол уақыттарда қазақ қоғамы арасында кеңінен тарала бастаған татар әдебиетімен тереңдей таныс болады. Демек, ақындық даралығы айқындалған тұста: *Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,*

Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, гүннан туған пайғамбар, - деп жырлайтын болашақ ұлы ақынның азаматтық ұстанымында айрықша маңыз иеленген ұлтшыл, түркішіл, шығысшыл көзқарастың алғашқы дәнегі Қызылжар медресесінде көркемдік үлгілерін санаға сіңіру, үлгі тұту, үйрену нәтижесінде көктей бастағаны анық.

Шығыс шайырларын үлгі тұту үрдісі, Шығыс поэзиясына ден қою әрекеті 1910-1911 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған кезеңде де үзіліп қалмағаны, тіпті жаңа өріс тапқаны сөзсіз. Өйткені «Ғалияда» берілетін білімде дәріс беретін ұстаздар да Шығыс дүниесіне, мұсылман әлеміне көбірек бейімделгені мәлім. Сонымен бірге аталмыш медреседе жаратылыс ғылымдарының оқытылуы, шәкірттер арасында кеңінен тарала бастаған демократтық бағыттағы жаңашыл ой-пікірлердің Мағжан түсінігіне, көзқарасына өзгеріс әкелмеуі де мүмкін емес. Сол себепті адамзат дүниесі, қазақ қоғамы, әлеумет өміріне қатысты таным-түсінігі біршама қалыптасып үлгерген 17-18 жасар бозбала Мағжанның дүниетаным тұрғысынан да, шығармашылық таным тұрғысынан да жаңа өріс іздеп, жаңа кеңістіктерге көз салған тұсын осы жылдармен орайластыра тану орайлы.

Оның еуропалық білім алуға, білімін ел игілігіне, ұлт мұратына жаратуға бекем бел буғандығын танытатын оқиғалардың бірі – әкесі Бекенмен қарым-қатынасының бұзылуы. Баласының орысша оқуына қарсы болған әкесінің теріс батасына да қайырылмай, Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға кетуі, сырттан келер еш жәрдем болмаса да өзінің табандылығы мен жігерінің, қайсарлығының арқасында 1913-1916 жылдар аралығында осы оқу орнында оқып шығуы Мағжан жаратылысына тән бірбеткей мінезділікті айғақтаса керек.

Сонымен бірге назар аударуды қажетсінетін жәйттердің бірі – жас Мағжанның аз ғана жылдар аясында араб, парсы әдебиеттері дәстүріндегі Шығыстық мәдениетке де, орыс әдебиеті, орыс тілі арқылы қазақ даласына жеткен Батыс мәдениетіне де бой ұрып үлгеруі, ең бастысы, солардың қай-қайсынан да өзінің дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық кеңістігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін қажетті білім негіздерін қабылдап ала білуі. Бұл жағдайдың өзі ақын Мағжан болмысындағы тынымсыз еңбекқорлық, ізденшілік сияқты қасиеттердің оған туа бітті дарығанын аңғартады.

Қалай болғанда да, ақын Мағжанның әлемдік әдебиет алыптары қатарынан табылуына жол ашқан қасиеттердің бірі оның «басынан сөз асырғысы келмейтін» мінезділігі болғандықтан жоққа шығара алмаймыз. Өйткені ақынның дәл осы мінезі оның ұдайы алға

ұмтылуына, ұдайы ізденуіне, ұдайы өзгелерге ұқсамайтын жаңа дүниелер жасауына себепші болды. Өмірінің түрлі кезеңдерінде оның шығармашылық саласында түрліше ағым-бағытқа «еліктеуінің» сыры да осында.

Осы орайда қысқаша ой түйінін жасар болсақ, Мағжан Жұмабаевтың алғашында ауыл мұғалімімен сауат ашудан басталған білім әлеміндегі әр қадамы, әр кезеңі оның азаматтық, ақындық жаратылысында ізсіз өтпеді. Қызылжардағы Бегішев медресесінде, Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған жылдары ол жалпы Шығыс пен түркі дүниесінің мәдениеті мен әдебиетінен мол мағлұмат алып, Шығыстың ұлы шайырларының туындыларын түпнұсқадан оқып-игеруге дағдыланса, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардан тағылым алған жылдары мен Омбыда оқыған кезеңінде орыс әдебиетін тереңдей танып-білуге, олардың озық үлгілеріндегі шығармашылық жаңалықтар мен ізденістердің қыр-сырына тереңдей бойлауға қалыптасты. Нәтижесінде Мағжан Жұмабаев өз бойында туған халқының, түркі жұртының, Шығыс пен Батыстың озық мәдениеттерін тел дарытқан, қандай да бір құбылыстар мен жағдайларға жалпы адамзаттық құндылықтар биігінен қарап, бағалай алатын аса жоғары деңгейдегі ақындыққа бет түзеді.

Бүгінде Шығысқа қаншалықты іш тартқанымызбен, Мағжанның саналы ғұмыры бастау алатын ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары арасында орыс әдебиетінің, орыс мәдениетінің әсері жоғары болғандығын жоққа шығару әбестік. Өйткені Абайдан бергі кезеңде қазақ әдебиеті үшін орыстың озық бағыттағы әдебиеті жаңа сипатты, жаңа мазмұнды көркемдік үлгілерін игеру, жаға тұрпатты шығармашылық ізденістерге жетігу мектебі болғаны шындық. Бұл үдерістен жас дарын Мағжан да қағыс қалмайды.

Бұл бағыттағы ізденістердің Мағжан шығармашылығында қалай көрініс тапқаны, қандай сипатта өріс алғаны ақынның тұңғыш жыр жинағы «Шолпандағы» өлеңдерден айқын аңғарылады. Жинақтағы өлеңдердің тақырыбына, мазмұнына, көтерген проблемасына, идеясына назар аударсақ, бұл мәселелердің қай-қайсысынан да сол кезеңде ұлт зиялыларының негізгі көзқарасын айқындаған демократтық-ағартушылық ұстанымдар анық танылады. Мағжан ақынмен қатарлас өмір сүрген яки оның өзі қоян-қолтық араласқан оқыған азаматтардың барлығы да ұлы Абай дәстүріне бағыт ұстанғанын ескерсек, Мағжанның да шығармашылық ізденіс жолында демократтық бағыттағы орыс әдебиетіне бетбұрыс жасауына Абайдың әсер-ықпалы зор болғаны даусыз. Данышпан ақынды ұлық тұтатынын Мағжанның өзі де осы жинақтағы «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңінде ашық айтады. Хакім Абайдың «сөзін көсем қылып, жөнге жүрер қазақтың жас балаларының» бірі – жас Мағжанның өзі болса, Абайдың кейінгі «жас балаларға айтқан» жөндерінің бірі – орыстың озық мәдениетімен үйрену болғаны мәлім. Бұл тарапта ақын Мағжан хакім ұстаз өнегесіне лайықты шәкірт бола біледі, Абайдың демократтық мазмұндағы поэзиясы үлгісінде шығармалар жазып, қазақ жұртын өнер-білімге шақырады, өскен елдер қатарына жетуге үндейді.

Сол мақсатта «Қарағым», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Сорлы қазақ», «Балалық шағы» сияқты өлеңдерінде оқу-білімге ашық үндеп, оған қол жеткізудің жолы білім қуып, іздену екендігін көрсетсе, «Бір күні», «Жатыр», «Жазғы таң», «Қазағым», «Құр қалыппын», «Оразада», «Тілегім», «Күз», «Осы күнгі күй» өлеңдерінде айтар ойын туған халқының басындағы түрлі жағдайларды көркем бейнеге, суретке айналдыра отырып алға тартады.

М.Жұмабаев шығармашылығын орыс әдебиетімен байланыстыра қараған тұста айрықша байқалатын жәйт Мағжанның орыс әдебиетімен ғасырлар бойына жинақталып, қалыптасқан көркемдік озық үлгілерді, әдеби дәстүрлерді, әдіс-тәсілдерді, ағым-бағыттарды аз ғана жылдар аясында жан-жақты танып, теріне бойлай игергені болып табылады. Бұл жағдайдың өзі ақын Мағжанның білім жолындағы, ақындық шеберлікке жетілу жолындағы ізденісінің үздіксіз әрі нәтижелі болғанын, сондай-ақ оның болмысына жігер, білімге құштарлық, даралыққа ұмтылу сияқты қасиеттердің етене болғанын танытады.

Мағжанның әлем әдебиетіндегі орны. Мағжан мен орыс әдебиеті мәселесінде салмақты маңыз иеленетін келесі кезең «Шолпаннан» кейінгі жылдар еншісіне тиесілі. М.Жұмабаев шығармашылығында өмірлік шындықпен арқауласа өрілетін реализммен қатар романтизм, символизм, сентиментализм, декаденттік іспетті әдеби ағымдар мен бағыттардың көріністері, сарындары айқын аңғарылып жатады. Оның себебін Мағжанның өзіне ұнаған европалық әдеби үлгілерге еліктеумен байланыстыра түсіндіруге ұмтылудың жаңсақтық боларын ұғынуымыз керек. Өйткені Мағжан поэзиясында европалық әдебиетте өз кезеңдерінде кеңінен таралған аталмыш ағым-бағыттар мен әдіс-тәсілдердің ақын өмірінің түрлі кезеңдерінде түрлі деңгейде көрініс беріп отыруының сыры. «Мағжанның көзсіз еліктегіштігінен» туындап жатқан жоқ, ақынның туа бітті жаратылысына тән қасиеттерден, өмір жолындағы әрқилы жағдайлардан, солардың ақын жанына әсерінен өріс алып жатыр. Сөз шындығына көз жеткізу үшін аталған ағым-бағыттардың мәніне, туу себептеріне және тағдыр-талайына сан қилы сын-сынақ бұйырған Мағжанның өмір жолына да үңіліп байқау керек. Сонда ғана даму жолында сан алуан ағымдар мен бағыттарды, әдеби мектептерді бастан аталған ағым-бағыттардың ерекше әсер етуінің сырын дұрыс бағамдай аламыз.

Орыс әдебиетіндегі романтизмнің ізашар үлгілеріне тән нышандар мен сарындардың Мағжан поэзиясында көрініс табуына себепкер болған жәйт – бұл үлгілердің қазақ қаламгеріне әсер еткен орыс ақындарының поэзиясында молынан ұшырасуы. Романтизмнің бастауында тұрған мұндай үлгілерді қазақ ақынына поэзиясы жақсы таныс болған В.А.Жуковский, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, А.А.Делвиг, А.А.Фет, А.А.Блок сияқты көптеген орыс ақындарының кей жағдайларда өз шығармашылығында кеңінен пайдаланып, олардың бұл бағыттағы шығармалары өз тұсындағы орыс әдебиетінде көркемдік құбылысқа айналғанын ескерсек, қазақ ақыны Мағжанның поэзиясында ұшырасатын медитивті лирикаға тән нышандардың, элегиялық сарындардың арғы бастауын аңдай аламыз.

Алғашқы көріністері Ресей жерінде ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде байқала бастап, В.А.Жуковскийдің «Вечер», «Славянке», А.С.Пушкиннің «Брожу ли я вдоль улиц шумных», «Когда порой воспоминанье», М.Ю.Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу», А.А.Феттің «На стоге сена ночью южной» сияқты танымал өлеңдерінде айшықтана танылған медитивті лириканың орыс поэзиясындағы даралық белгілері ретінде ақынның әсер жетегінде өзімен-өзі оңаша ойға салынуы арқылы болмыстың тылсым заңдылықтарын танып-білуге ұмтылуы, өмір мәнін ақыл-оймен пайымдауға талпынуы, өткеннің суреттерін еске ала бейнелеу, сол бейнеге әсерлене ой түйу сияқты жәйттерді атауға болады.

Аталған орыс ақындарының туындыларымен етене таныс болған М.Жұмабаевтың олардың поэзиясына тән көркемдік үлгілерін шығармашылықпен игере отырып, қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтардың бірі медиативті лирика нышандары болғанына көңіл қойған жөн. Біз бұл орайда Мағжан европалық әдебиетте дара жанр ретінде өмір сүрген медиативті лириканы сыртқы пішіні, ішкі мазмұны, бейнелеу құралдары мен тәсілдерін қаз-қалпында сақтай отырып, қазақ топырағына жеткізді деуден аулақпыз. Алайда **М.Жұмабаев өлеңдерінен медиативті лирикаға тән сарындар жиі аңдалады.** Ақынның «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» сияқты өлеңдерінің жоғарыда аталған орыс ақындарының өлеңдерімен тақырыптық мазмұн тұрғысынан да, идеялық жағынан да, *ой мен бейнені астастыра ұсыну тәсілдері жағынан да үндестік тауып жатуының сырын олардың көркемдік ізденіс жолындағы өрістерінің ортақтылығынан іздеу орайлы.*

Ресейлік революциялардан кейін орыс ақындарының жан әлемінде болған сан алуан құбылыстар, өзгерістер қазақ ақыны Мағжанның өмірінде де, ой дүниесінде де, шығармашылығында да ізсіз кетпеді. Төңкерістен кейінгі ел өмірінде бірін-бірі жоққа шығара, бірімен-бірі қайшыласа жүріп жатқан қым-қиғаш оқиғалар нәтижесінде пайда болған көңіл күйдегі құбылыстар, ой-санадағы толқындар, көзқарастағы өзгерістер әсерімен Мағжан поэзиясында жаңғыра көрінген поэтикалық жаңалықтардың бірі медиативті лирика болды.

«Жаңғыра көрінді» деп отырған себебіміз – медиативті лирика орыс поэзиясын оқу арқылы қазақ ақынының түсінігінде қалыптасып үлгерген, бірақ поэтикалық қолданыс ретінде көрінбеген үлгі болатын.

Өмірдегі қандай да бір өзгерістер мен құбылыстарды жүрек көзімен қабылдап, сезім көзімен бағалауға бейім жаратылған Мағжан ақынның болмысы осы кезеңде элегиялық сарындарға да бой ұрды. Оның сыры да медиативті лириканың Мағжан поэзиясында көрініс беру себептерімен орайлас. Десек те, сәттік эмоцияға, әсерге, оңашадағы ой ағынына, аңсар-арманға бағдар ұстанып, көбіне-көп уайым, мұң жетегіндегі ішкі ой-сезімді бірінші жақтан бейнелеуге бейім элегия жанрына тән белгілердің «Сағындым», «Айға», «N... альбомына», «Күзді күні», «Ботамды көрдім түсімде» іспетті өлеңдер арқылы Мағжан шығармашылығынан орын алуының ең басты себебі ақынның өз болмысын айшықтайтын сезімталдық, әсершілдік сияқты қасиеттермен және ақынның мұңлы ойларға, уайымға берілуіне себепкер болған өз өміріндегі қайшылықты, қайғылы оқиғалармен байланысты екендігі шүбәсіз. Символистік үлгідегі «Адастым» өлеңінде:

*Артымда қазақ қалың ел,
Тақтақ жалғыз қара жол,
Кетіп бара жатыр ем.
Бейнетті, бітпес ұзын жол,
Отсыз, сусыз бетпақ шөл,
Мың мехнатқа батып ем... - деген жолдар бар.*

Бұл – бүкіл символистік бағытты айқындап тұрған жолдар. Элегиялық сарындағы «Зарлы сұлу» өлеңінде:

*Өмірмен тәтті қоштасып,
Өліммен қол ұстасып,
Үстіме топырақ үюлі,
Суық көрде көмүлі,
Қара жерді құшақтаған,
Жатқанымда мен сорлы,
Мені есіне кім алар?! - деген жолдар бүкіл элегиялық бағытты айқындайды.*

Өрісі жағынан орыс, еуропа әдебиетіндегі идеялық-мазмұндық, көркемдік-эстетикалық, философиялық-дүниетанымдық тұрғыдан таңбланған романтикалық, символистік, реалистік сарындарды айшықтайтын сипаттардың Мағжан поэзиясында жымдасып, тұтасып, синтездеме бірігуіне ақынның «Қайың» өлеңі дәлел:

*Қайғылы қайың!
Аяныш жайың.
Сыбырайсың,
Дірілдейсің,
Еңкейесің,
Күбірлейсің,
Ызғарлы жел
Соққан сайын...*

Біз атүсті, қысқаша ғана айтып өткеніміздей, Мағжан поэзиясының типологиялық дәрісі төмендегідей саралауларға сұранып тұрғанын назарда ұстағанымыз жөн.

Мағжанның көркемдік ізденістері нәтижесінде ұлттық поэзиямызға енген элегиялық бейнелеудің әсерлі үлгілерінің бірін «Күзді күні» өлеңінен көре аламыз. Өлеңде ақын жаратылыста бар нәрсенің бәрі де ақтық сәті жеткенде тыншу табарын қара жер, көк аспан, жас қайың, қара ағаш әрекеттерін жарыстыра бейнелеу арқылы жеткізе келіп, өмір мен өлім хақында толғанады. «Өлмей мәңгі кім қалар?!» – деп, өзіне-өзі риторикалық сауал қоя отырып, сауалдың жауабын өз тағдырымен, өз мұңымен сабақтастыра іздейді.

Әсершіл де сезімтал Мағжан болмысымен үндес келіп, ақын өмірінің қайсы бір сәттерінде көңіл күйіне, сезім ауанына, ақынның жекелеген көзқарас өзгерісіне орайласа, оның төл шығармаларында көрініс тауып отырған европалық әдеби үлгілердің тағы бірі - сентиментализм нышандары.

